

**Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы
ЕСЕП**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша педагогтерді даярлау
(6D010900 / 8D01501 – Математика, 6D011000 / 8D01504 – Физика) бағыты
бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілетін саны туралы мәліметтер.

Диссертациялық кеңесте 2025 жылы 3 отырыс өткізілді (01.01.2025ж. - 31.12.2025ж.).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.

- 1) Ергалауова Зинегуль Алданиязовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
- 2) Ермаганбетова Сауле Каировна, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті;
- 3) Қаратаев Абай Оңғарбекұлы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Ергалауова Зинегуль Алданиязовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – Математиканы оқыту процесінде техникалық мамандық студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері.

Мамандық: 6D010900 - Математика.

Ғылыми кеңесшілері – ҚР ҰҒА академигі, п.ғ.д., профессор Әбілқасымова А.Е.; ф.-м.ғ.д., профессор Смирнов В.А.

Қорғау 2025 жылдың 26 маусымында өтті.

Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:

- университеттің техникалық мамандықтары бойынша математиканы оқытуда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздеріне зерттеу жүргізіліп, техникалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың кәсіптік бағдар мәселесіне талдау жасалды;

- техникалық мамандық студенттерінің болашақ кәсіби қызметі үшін қажетті негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған математика курсының мазмұны жасалды;

- жоғары оқу орнының техникалық мамандықтары бойынша студенттерді оқытуда кәсіби бағдарланған есептерді қолдану әдістемесі әзірленді (6B0721 – «Мұнай-газ ісі» мамандығы мысалында). Атап айтқанда, техникалық жоғары оқу орындарында математика курсының оқытудың әдістемелік ерекшеліктері, оның ішінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда барынша тиімді болып табылатын белсенді оқыту әдістерін пайдалану жолдары сипатталды.

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Диссертациялық зерттеудің тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарына, сондай-ақ мемлекеттік және ұлттық даму бағдарламаларына сәйкес келеді.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен, «Білімді ұлт – сапалы білім беру» ұлттық жобасымен, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен өзара үйлесімді. Зерттеу мазмұны білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті міндеттерін шешуге, жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға және Қазақстан Республикасында ғылым мен білімнің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

3) *диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Диссертациялық жұмыста техникалық мамандықтар студенттерін кәсіби бағдарланған оқыту талаптарын ескере отырып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру процесінде математиканы оқытудың мазмұны айқындалған, «6B07261 – Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша оқу процесінде кәсіби-қолданбалы есептер кешенін қолдану мен қолданбалы бағдарламалар пакетін пайдалану әдістемесі жасалынды. Кәсіби бағдарланған есептерге арналған әдістемелік нұсқаулар студенттерге, сондай-ақ басқа жоғары оқу орындарының математика пәнінің оқытушыларына пайдалы болады. Диссертациялық зерттеудің әдістемелік ұсынымдары оқу процесін жетілдіру мақсатында математиканы оқыту процесіне енгізілді.

Ермаганбетова Сауле Каировнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

Диссертация тақырыбы – Инженерлік мамандықтар студенттерін жоғары математика курсына кәсіби-бағдарлы оқыту мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері.

Мамандық: 6D010900 – Математика.

*Ғылыми кеңесшілері – ҚР ҰҒА академигі, п.ғ.д., профессор
Әбілқасымова А.Е.; т.ғ.д., профессор Байшагиров Х.Ж.; п.ғ.д., профессор
Далингер В.А.*

Қорғау 2025 жылдың 30 қыркүйегінде өтті.

Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:

- инженерлік мамандықтарда (машина жасау, көлік) білім алатын студенттерге арналған жоғары математика курсының кәсіби бағытта оқытудың теориялық - әдіснамалық негіздері жүйелік, құзыреттілік және іс-әрекеттік тәсілдерге, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету қағидаттарына сүйене отырып негізделген;

- кәсіби бағытталған оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін контекстілік, қолданбалы бағыттылық, инженерлік кейстер, цифрлық визуализация және бейіндік пәндермен интеграция сияқты педагогикалық және әдістемелік шарттар айқындалды;

- «6B071 - Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыттарына бейімделген жоғары математика курсының кәсіби бағытталған оқытудың әдістемесі әзірленді және оның құрамына қолданбалы инженерлік есептер, тақырыптық модульдер, контекстік және проблемалық оқыту элементтері енгізілді;

- 6B07102 – «Машина жасау технологиясы және металдарды кесу арқылы өңдеу» және 6B07103 – «Автомобиль көлігін пайдалану және жөндеу» білім беру бағдарламалары бойынша инженерлерді даярлау ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары математика курсының оқытуға арналған оқытушылар үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Диссертацияның тақырыбы ҚР «Білім туралы» Заңымен және ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен, ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген міндеттермен байланысты. Зерттеу жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыста инженерлік мамандықтарда «6B07102 – Машина жасау технологиясы және металдарды кесу арқылы өңдеу» және «6B07103 – Автомобиль көлігін пайдалану және жөндеу» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер үшін жоғары математика курсының кәсіби бағытта әдістемесі жасалды. Инженерлік мамандықтардың ерекшеліктеріне бейімделген, қолданбалы инженерлік есептерді қамтитын

контекстік және проблемалық оқытуды үйлестіретін әдістемелік тәсілдер кешені ұсынылды. Өзірленген әдістемелік ұсынымдар техникалық жоғары оқу орындарында жоғары математиканы даярлау және оқыту барысында оқу процесіне енгізілген және инженерлік даярлықтың әртүрлі бағыттарына бейімдеуге болады.

Қаратаев Абай Оңғарбекұлының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – Педагогикалық жоғары оқу орындарында дифференциалдық және интегралдық есептеулерді оқыту үдерісінде студенттердің зерттеушілік қызметін қалыптастыру.

Мамандық: 8D01501 – Математика.

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., доцент Ибрагимов Р.И.; professor, Dr. Ahmet Arıkan.

Қорғау 2025 жылдың 30 қыркүйегінде өтті.

Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің зерттеушілік қызметінің мәні, негізгі компоненттері мен болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы рөлі теориялық тұрғыдан негізделіп, маңызы айқындалды;

- дифференциалдық және интегралдық есептеулерді оқыту үдерісінде болашақ математика мұғалімдерінің зерттеушілік қызметін қалыптастырудың мазмұны мен оның мектеп математика курсымен сабақтастығы анықталды;

- болашақ математика мұғалімдеріне дифференциалдық және интегралдық есептеулерді оқыту мен есептерді шығаруды үйрету барысында зерттеушілік қызметін қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тәжірибе жүзінде дәлелденді.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Диссертация тақырыбы ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, математика мұғалімдерін дайындауға арналған білім беру бағдарламасына және ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Диссертацияда болашақ математика мұғалімдерінің нақты пән негізінде зерттеушілік қызметін қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыруға

бағытталған дифференциалдық және интегралдық есептеулерді оқытуды ұйымдастыру мен есептер шығаруды үйрету әдістемесі, студенттердің зерттеушілік қызметін жүйелі қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістемелік ұсынымдар ЖОО-да болашақ математика мұғалімдерін даярлауда пайдалануға болады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «6B01501 - Математика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерді оқыту процесіне енгізілді.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге)

Рецензенттер ретінде математика оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы зерттеулерге елеулі үлес қосқан ғалым-әдіскерлер тағайындалды. Ресми рецензенттерді тағайындау барысында, ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілерінің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдары басшылыққа алынды. Рецензенттердің пікірлерінде диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы, ғылымға маңыздылығы, өзі жазу принципі, ішкі бірлік принципі, ғылыми жаңашылдық принципі, негізгі қорытындылардың негізділігі, қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар, дәйектілік принципі, дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі, практикалық құндылық принципі, жазу және ресімдеу сапасы, диссертацияға ескертулер берілді, докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі сипатталды және ресми рецензенттің шешімі жасалды. Жасалған ескертулер мен ұсынымдар зерттеудің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне әсер етпейді. Диссертациялар бойынша теріс пікірлер болған жоқ.

Ергалауова Зинегуль Алданиязовнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Чугунова Анна Александровна – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.02).

Муратбекова Молдир Абдразақовна – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан (мамандық шифры: 6D010900 – Математика).

Ермаганбетова Сауле Каировнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Смагулов Есенғали Жексембаевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.02).

Токибетов Жанузак Абдыкулович – ф.-м.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры: 01.01.02).

Қаратаев Абай Оңғарбекұлының диссертациясы бойынша рецензенттер:

Кагазбаева Аспет Кенесбековна – педагогика ғылымдарының докторы,

профессор, К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.02).

Касенов Сырым Еркинович – PhD, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры: 6D060100 - Математика).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

Диссертациялық кеңес отырыстарында ғылыми кадрларды даярлау сапасын арттыру, диссертациялық жұмыстардың ғылыми деңгейін көтеру және қорғау рәсімдерінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мәселелері тұрақты түрде талқыланды. Осыған байланысты диссертациялық кеңестердің жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында төмендегідей ұсыныстар беріледі:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін жоғары оқу орындары, бітіруші кафедралар және ғылыми кеңесшілер диссертациялық жұмыстардың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, әдіснамалық негізділігі мен академиялық адалдық талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершілікті күшейтуі қажет;

- докторанттардың диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған ғылыми мақалалары бірлескен авторлықта орындалған жағдайда, докторанттың осы жарияланымдарды диссертацияда пайдалануға қосалқы авторлардың жазбаша келісімін (анықтамасын) ұсынуы міндеттелуі тиіс;

- докторанттардың зерттеу тақырыптарының өзектілігін, олардың ұлттық және халықаралық ғылыми басымдықтарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында диссертациялық тақырыптарды бекіту кезеңінде ғылыми сараптаманы күшейту ұсынылады.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	6D010900 / 8D01501 – Математика	6D011000 / 8D01504 – Физика
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	3 (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанты – 2)	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-

Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-

Диссертациялық кеңестің
төрағасы



А.Е. Әбілқасымова

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Е.А. Тұяқов

« 31 » желтоқсан 2025 жыл.